

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2019 жылғы 30 сәуір**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы таң, құрметті сенаторлар, шақырылған лауазым иелері! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Күн тәртібі бойынша дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Бұл мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Бақыт Жанұзақұлы Құрманбаевқа беріледі.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Келісімге 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында қол қойылды.

Келісімнің мақсаты Каспий теңізіндегі Каспий маңы мемлекеттерінің аумақтық суларынан тыс әскери корабльдердің жүзуі мен оның үстіндегі әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Келісімнің ережелеріне сәйкес әр тараптың әскери корабльдері мен әуе кемелері басқа тараптың әскери корабльдері мен әуе кемелеріне жақындаған кезде қауіпсіз арақашықтықта болуы және барынша сақтық танытуы қажет.

Бұдан басқа, әскери корабльдер мен әуе кемелері бір-біріне жақындағанда қауіп төндіретін, жеке құрамның денсаулығына зиян келтіретін немесе теңізде жүзу мен ұшуларға кедергі келтіретін шабуылдарды имитациялауға, қандай да бір заттарды тастауға, прожекторларды немесе басқа да жарықтандыру құралдарын, лазерлерді қолдануға және басқа да іс-қимылдарды жасауға тыйым салынады.

Тараптардың бір-біріне көрінетін жерде тұрған әскери корабльдері өздерінің әскери іс-әрекеттері мен ниеттерін көрсету үшін 1972 жылғы Теңізде кемелер

соқтығысуының алдын алудың халықаралық қағидаларында көзделген жалаушалар, дыбыс немесе жарық сигналдарын пайдаланады.

Ақпараттармен алмасу және өзара түсіністікке қол жеткізу үшін әскери корабльдер мен әуе кемелері келісімде айқындалған жиіліктегі радиобайланысты пайдаланады.

Әскери корабльдер мен әуе кемелерінің іс-әрекеттері мемлекеттердің егемендігі мен айрықша құқықтарына зиян келтірмей, жүзеге асырылады.

Келісімді іске асыру Каспий теңізіндегі Каспий маңы мемлекеттерінің әскери корабльдері мен әуе кемелері арасындағы өзара достық қарым-қатынасты арттыруға мүмкіндік береді.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, сондай-ақ кері әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде қарауға ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақыт Жанұзақұлы.

Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма, құрметті әріптестер? Сенатор Дүйсембаев.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында Бесінші Каспий саммиті өтті. Осы тарихи оқиға нәтижесінде 1994 жылдан бері ұзақ жылдарға созылған келіссөздер аяқталып, бес мемлекет Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойды.

Қаралып отырған келісім аталған құжатқа орай туындаған.

Осыған байланысты менің сұрағым. Бұған дейін әскери корабльдер 1972 жылғы Теңізде кемелер соқтығысуының алдын алудың халықаралық қағидаларын қолданатын. Қабылданған келісім балық шаруашылығына арналған кемелердің қызметіне қандай әсер тигізеді? Теріс әсері бар ма? Болса, қандай?

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Сұрақтарыңызға рақмет, құрметті Ғұмар Ислямұлы. Қаралып отырған келісім балық аулайтын кемелердің қызметіне әсер етпейді, себебі келісімнің 2-бабына сәйкес Каспий теңізінде әскери іс-қимыл жасайтын әскери корабльдер мен әуе кемелеріне ғана қолданылады.

ТӨРАҒА. Жауапқа қанағаттандыңыз ба?

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Иә.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар бола ма, құрметті депутаттар?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Серік Рыскелдіұлы Джақсыбековке беріледі.

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Келісімнің мақсаты – Каспий теңізінде әскери кемелердің жүзуі мен әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Келісімге сәйкес елдердің бір-біріне оқ ату, зымыран жолдау сияқты әскери іс-қимыл жасауға құқығы жоқ, яғни туындаған проблемаларды тараптар бейбіт жолмен шешуі тиіс.

Келісім әскери кемелер мен әуе кемелері арасында туындайтын тосын оқиғаларды болғызбауға бағытталған. Сонымен қатар Каспий мемлекеттерінің арасындағы достық қарым-қатынасты арттыруға мүмкіндік береді.

Кемелердің сақтық талаптарын орындау ережелерін баяндамашы толығымен айтып кетті.

Біз жұмыс тобында, комитеттің кеңейтілген отырысында заң жобасын жан-жақты талқыладық, туындаған сұрақтарға толық жауаптар алдық. Сенаттың тұрақты комитеттерінен оң қорытындылар келіп түсті.

Сондықтан, құрметті әріптестер, комитет атынан заңды қабылдауды ұсынамын. Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Рыскелдіұлы.

Серік Рыскелдіұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті депутаттар?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда мәселені талқылауға көшеміз. Сөз сөйлейтіндер бар ма? Сенатор Қожамжаров.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Тұңғыш Президент – Елбасының беделі мен белсенді ұстамы арқасында былтыр Каспий жөнінде маңызды келісімге қол жеткіздік. Бұл мәселе жөнінде келіссөздер күрделі және ұзақ уақыт өтті.

Осы келісімнің ратификациясымен біздің қол жеткізетін негізгі мақсатымыз – Каспий теңізіндегі кемелердің жүзуіне және ұшақтардың ұшуына қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ол өте өзекті мәселе.

Ратификациямен даулы және авариялық жағдайлардың болмауына қарым-қатынас құралдары енгізіледі. Енді оларға бір-біріне жақындағанда шабуылды имитациялауға, қауіпті маневр және бөгет жасауға тыйым салынатын болады.

Ұсынылып отырған келісім Теңізде кемелер соқтығысуының алдын алудың халықаралық қағидаларына толықтай сай келіп отыр. Өте маңызды жағдай – бұл қағидалар браконьерліктің жолын кесу фактілеріне де қолданылады. Келісімге сәйкес шекара кемелері өз әрекеттері туралы уақтылы ескертіп, қолдау сұрай алады.

Келісімнің ратификациясы елдердің дербес және жеке құқықтарына зиян келтірмейді, әскери күштері арасындағы тату қарым-қатынасты арттыратын болады.

Заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Пернешұлы.

Басқа сөйлеймін дегендер жоқ. Дауыс беру рәсіміне көшейік. «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 43 депутат, «жақтағандар» – 43, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Құрметті сенаторлар, келесі мәселе – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Бақыт Жанұзақұлы Құрманбаевқа беріледі.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Келісімге 2017 жылғы 29 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылды.

Келісімнің ережелеріне сәйкес әскери мақсаттағы өнім беруші тарап әскери өнімдерді бақылауды мынадай мақсаттарда жүзеге асыруға құқылы:

- 1) өнімдердің болуын және оларды мақсатты пайдаланылуын тексеру;
- 2) қарулы күштерде, басқа да әскерлер, әскери құралымдарда, құқық қорғау органдары мен арнаулы органдарда олардың мақсатты пайдаланылуын растайтын қажетті құжаттаманы салыстырып тексеру;
- 3) берілген өнімді есептен шығарудың негіздемесін тексеру.

Келісімді жүзеге асыру бойынша уәкілетті органдар, Қазақстан тарапынан Қорғаныс министрлігі және Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Ресей тарапынан Әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі федералдық қызмет болып табылады.

Осындай бақылаулар тараптардың уәкілетті органдарының сұраулары негізінде жүзеге асырылатынын атап өткен жөн. Онда беруші тарап бақылауға жататын әскери мақсаттағы өнімді, бақылауды жүргізу мерзімдерін, сондай-ақ бақылау барысында қолданылатын техникалық құралдарды көрсетеді.

Бақылау мақсаты үшін бақылау тобы құрылады. Оның жұмыс нәтижелері екіжақты актімен рәсімделеді.

Келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді, заңнаманы бұдан әрі сәйкестілікке келтіруді қажет етпейді.

Мазмұндалғанның негізінде сіздердің қарауларыңызға ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма, құрметті депутаттар? Сенатор Волков.

ВОЛКОВ В.В. Спасибо, уважаемая Дарига Нурсултановна.

У меня вопрос к докладчику. Уважаемый Бакыт Жанузакович, как известно, военно-техническое сотрудничество – это особая сфера внешнеполитической и внешнеэкономической деятельности любого государства.

Между Казахстаном и Россией подписано более 45 документов в различных сферах. Рассматриваемое сегодня соглашение является еще одним примером высокого уровня доверия и стратегического партнерства между двумя странами.

Соглашением четко определен порядок проверки наличия поставляемой продукции, предусматриваются обязательства уполномоченных органов двух стран по организации контроля.

Однако в соглашении не учтены, на мой взгляд, следующие важные условия, а именно: в случае выявления нарушения, в том числе обнаружения признаков преступных деяний по результатам проведенного контроля за наличием и целевым использованием продукции военного назначения, каким образом будет осуществляться процедура привлечения виновных лиц к ответственности? Об этом говорится в статье 13 соглашения, но там не полностью раскрывается данный вопрос, а говорится только о применении в таких случаях соответствующих положений контракта.

ҚҰРМАНБАЕВ Б.Ж. Большое спасибо за вопрос, Владимир Васильевич.

По данному вопросу я хотел бы отметить следующее.

Во-первых, ответственность наступает за преступные деяния в соответствии с национальными законодательствами сторон, то есть там, где было совершено данное преступление.

Во-вторых, если казахстанская либо российская сторона произведет незаконный экспорт в третьи страны, то есть в нарушение Соглашения между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о порядке осуществления контроля за наличием и целевым использованием продукции военного назначения, поставляемой в рамках Договора между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о военно-техническом сотрудничестве, вразрез с нормами данного соглашения, то наступает также уголовная ответственность за незаконный экспорт вооружения и военной техники, потому что данная норма о

непередаче третьей стороне прописывается как во всех данных соглашениях, так и в контрактах на поставку этого вооружения.

ТӨРАҒА. Тағы қандай сұрақтарыңыз бар, құрметті әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақыт Жанұзақұлы.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Қайрат Пернешұлы Қожамжаровқа беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа геосаясаттық жағдайларда еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтаудың маңыздылығын ерекше атап өтуде.

Осы мақсатта өзекті мәселе – қару-жарақ пен әскери техниканың өндірушілерін табу. Қалыптасқандай, ынтымақтастықты кеңейте отырып, негізгі серіктесіміз ретінде Ресей болып қалуда.

Бүгінгі күні қарулы күштеріміздің арсеналы 65 пайызға дейін Ресей қару-жарағымен, техникасымен жабдықталған. Осы арада сіздерге ұсынылған заң жобасы – Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы Қазақстан мен Ресей арасындағы бұрынғы келісімдерді іске асырудың кезекті қадамы.

Оның артықшылығы – одақтас ел ретінде Қазақстанға әскери құралдар Ресей қарулы күштеріне арналған сапамен және бағамен қойылатын болады.

Сонымен қатар экспорттың мерзімдері реттеліп, ішкі мемлекеттік келісім беру рәсімі қысқарады.

Қару-жарақтың заңсыз халықаралық сауда айналымына түспеуі үшін, оның жылжуына бақылау енгізіледі. Сол себепті тараптар қаруды тексеру мүмкіндігіне кепіл беріп, тиісті жағдайларды қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Келісімнің ратификациясы халықаралық қауіпсіздікті әрі қарай нығайтады және біздің еліміздің мүддесіне тәуелді.

Бұл заң жобасы екі жақтың заңнамасына сәйкес әзірленді және комитеттің кеңейтілген отырысында талқыланды. Сенат комитеттерінің оң қорытындылары алынды.

Құрметті әріптестер, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті заңды қабылдауды ұсынады. Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Пернешұлы.

Қайрат Пернешұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда мәселені талқылауға көшейік. Сенатор Мұсабаев.

МҰСАБАЕВ Т.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Бүгін біздің назарымызға өте маңызды заң жобасы ұсынылды.

Мұндай халықаралық құжаттың болуы, әскери мақсаттағы өнімнің террористік ұйымдардың қолына түспеуі үшін алдын алу шараларының айқын көрінісі екенін атап өткен жөн.

Келісім халықаралық қауіпсіздікті нығайту мен қару-жарақтың халықаралық саудасын бақылауды күшейтуге, сондай-ақ оларды заңсыз қайта бағыттау мен заңсыз пайдаланудың жолын кесуге жәрдем болатыны сөзсіз.

Ресей Федерациясында мұндай халықаралық шарттар Беларусь Республикасымен, Қырғыз Республикасымен, Армения Республикасымен бар екенін ескеру керек.

Осыған орай мен бұл заң жобасын толық қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Амангелдіұлы.

Басқа сөйлейтіндер жоқ, талқылау аяқталды, шешім қабылдайық.

«2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, енді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қараймыз.

Бұл заң жобасын Парламенттің бір топ депутаттары әзірлеген болатын.

Баяндама жасау үшін сөз бастамашылардың атынан Мәжіліс депутаты Шавхат Әнесұлы Өтемісовке беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы! Алдымен осы мүмкіндікті пайдаланып, Сізді Сенат Төрайымы болуыңызбен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз және де осы биік дәрежелі жұмысыңызға мол табыс тілеймін!

ТӨРАҒА. Рақмет.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде және Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімі кезінде көпбалалы отбасы мен жұмыс істейтін жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар атқаруға қатысты тапсырма берген болатын.

Сіздерге ұсынылып отырған бір топ Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленген заң жобасы аталған тапсырманы іске асыруға және жоғарыда аталған санаттағы азаматтардың тұрғын үй мәселесін шешу үшін заңнамалық негіз қалыптастыруға бағытталған. Бұл үшін келесі заңнамалық актілерге түзетулер енгізу ұсынылады: «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына.

Ұсынылып отырған түзетулердің негізгілері мыналар.

1. «Көпбалалы отбасы» ұғымын «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес келтіру. Бұл заңнамалық актілер арасындағы қайшылықты жояды.

2. «Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» ұғымын енгізу. Бұл табыстары төмен халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйдің тұрақты коммуналдық қорын құруға мүмкіндік береді.

3. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана», сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» атағын алған көпбалалы аналар және көпбалалы отбасылар санаты үшін тұрғын үй алуға жеке кезектілік енгізу.

«Күміс алқа» алқасымен наградталған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға тұрғын үйді бірінші кезекте алу құқығы берілгені осы заң жобасының маңызды өзгерістерінің бірі болып табылады.

Осы санатқа жататын үй алуға үміткерлер тұрғынжай алғанға дейін есептен шығарып тастауға жатпайды.

Қазіргі уақытта кезекте тұрған көпбалалы отбасылардың саны 31 мың 725.

Көпбалалы отбасыларды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жыл сайын 50 миллиард теңге қаражат бөлінетін болады. Осының арқасында жылына кемінде 6 мың пәтер тапсырылады.

4. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің шегінде сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді және оның көлемін айқындау. Бұл норма көпбалалы отбасылардың тұрғын үй проблемаларын шешу үшін қаражатты тікелей және мақсатты жолдауға негіз береді. Осының арқасында жалға берілетін тұрғын үйдің көлемі өседі деген ойдамыз.

5. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарына жұмыс істейтін жастар үшін қолжетімді баспана жүйесін дамытуды енгізу және мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі уәкілетті органды сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді беру қағидаларын бекіту құзыретімен қамтамасыз ету. Бұл түзетулер Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін жастарды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін әзірленген тетікті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Нұрлы жер» бағдарламасының аясында 2019 – 2021 жылдары Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастар үшін жыл сайын кемінде 1 мың жалға берілетін тұрғын үй салу жоспарлануда. Әрине, жұмыс істейтін жастар үшін бұл жақсы мүмкіндік болып табылады.



Құрметті депутаттар, осылайша, қаралып отырған заң жобасының қабылдануы көпбалалы отбасылардың және жұмыс істейтін жастардың тұрғын үй мәселесін жедел шешу үшін заңнамалық негізді қалыптастырады, осы санаттағы адамдардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, әл-ауқатын және өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан ұсынылып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Шавхат Әнесұлы.

Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма, құрметті депутаттар? Сенатор Мусин.

МУСИН Д.М. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті әріптестер! Мен Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленіп, өзекті мәселелерді шешуге бағытталған талқыланып отырған заң жобасын қолдаймын. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкілдеріне сұрағым бар.

Заң жобасына сәйкес «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізілуде. Атап айтқанда, мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары жұмыс істейтін жастар үшін қолжетімді баспана жүйесін дамытумен толықтырылады.

Осыған байланысты жұмыс істейтін жастар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесі қалай дамиды? Әсіресе аудан орталықтары, ауылдық елді мекендерде тұрып жатқан ауыл жастарына қатысты қандай нақты іс-шаралар қабылданбақ?

Қабылданған жағдайда аталған өзгерістер «Дипломмен ауылға», «Жас маман» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламаларымен қалай сабақтасатын болады? Осы сұрақтарға жауап берсеңіздер. Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Аталған жоба қазір үш қалаға белгіленген. Пилоттық режимде Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша іске асады. Үш жылдың ішінде осы бағдарлама іске асқаннан кейін ар жағын да қарастырамыз, қалған аймақтарда жалғасын қалай табатыны туралы.

Қазір үш қалаға ғана бекітілген.

ТӨРАҒА. Тағы сұрақтар бола ма, құрметті әріптестер? Сенатор Құртаев.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Менің сұрағым заң жобасына жанамалы түрде. Елбасы «Nur Otan» партиясының съезінде көпбалалы отбасыларға, толық емес отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жылына 2-3 пайыз мөлшердегі қолжетімді тұрғын үй займдарын беру тетігін әзірлеуді тапсырған болатын. Осы бағытта не істеліп жатыр? Рақмет.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Бұл бағдарлама қазір талқылануда. Егер Үкіметтің қаулысымен бекітілетін болса, жаңағы халықтың осал топтарына, аз қамтылған топтарына осы

бағдарлама бойынша 2 пайыз мөлшерінде несие берілетін болады. Қазіргі жағдайда нақты ережесі бекітілмегеннен кейін жарияланған жоқ. Сол себепті білетініміз, ол бағдарламаға сәйкес болу үшін, әр отбасының кірісі сол отбасының мүшелеріне шаққанда 42 мың 500 теңгеден аспау керек, яғни айлық есеп көрсеткішінен аспау керек. Егер осы көрсеткішке сай болатын болса, бұл бағдарлама бойынша жанұялар үй алуға қол жеткізе алады.

ТӨРАҒА. Менің бір сұрағым бар. Қайырбек Айтбайұлы, қолжетімді тұрғын үй мәселесін сол нарық жолында шешетін басқа да жолдар бар ма? Тек қана мемлекеттің қаражатына қарамай.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, рұқсат берсеңіз, орысша жауап берейін.

В Казахстане создана лестница доступности жилья, мы распределили в программе «Нұрлы жер» по разным категориям.

Первая категория – для социально уязвимых слоев населения строится арендное жилье из республиканского бюджета в виде трансфертов.

Вторая категория – также для социально уязвимых слоев населения. В пилотном режиме для многодетных семей, неполных семей и семей, имеющих детей-инвалидов, мы разработали программу через АО «Жилстройсбербанк» под 2 процента годовых. То есть люди могут жить в этом доме, и их накопления идут в счет выкупа.

Третья категория – для военнослужащих, как вы знаете, в 2018 году был принят закон.

Четвертая категория – по программе «7 – 20 – 25» и через систему АО «Жилстройсбербанк» кредитное жилье. Здесь на револьверной основе, из бюджета деньги не выделяются. Каждые два года холдинг «Байтерек» выкупает облигации местных исполнительных органов. В системе находится 277 миллиардов тенге, ежегодно более 100 миллиардов тенге находится в системе.

Они выкупают облигации, акиматы строят, через два года продают квартиры и возвращают. Эта система в револьверном порядке сейчас постоянно работает, основную массу жилья мы строим в этом направлении.

Кроме того, для обеспечения доступности всем категориям вами был принят закон о выдаче жилищных сертификатов для погашения первоначального взноса. По линии АО «Жилстройсбербанк» под 2 процента, там снизили первоначальный взнос до 10 процентов, он может погашаться данным жилищным сертификатом.

Поэтому мы хотели максимально прописать все слои населения, которые имеют возможность получить доступное жилье.

ТӨРАҒА. Сколько по стране стоят в очереди на жилье?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. На сегодняшний день 487 тысяч человек.

ТӨРАҒА. Сколько нужно строить квадратных метров жилья, чтобы в ближайшие пять лет полностью закрыть жилищную проблему?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Если мы берем примерно 140 тысяч тенге за квадратный метр, то с учетом инженерных коммуникаций нужно порядка 6 триллионов тенге.

ТӨРАҒА. А если на квадратные метры подсчитать?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Плюс инженерные коммуникации.

ТӨРАҒА. Я понимаю. Через сколько же лет возможности государственного бюджета полностью закроют проблему жилья? Здесь же речь идет не только о многодетных семьях, есть другие категории граждан. И население будет расти.

У меня был вопрос: какие стимулирующие рыночные механизмы должны быть, чтобы стимулировать массовое строительство жилья экономкласса? Есть такая программа, помимо ипотечного кредитования, кредита АО «Жилстройсбербанк» и так далее? Там же речь идет о том, чтобы приобрести в собственность, а здесь нужно рассматривать вопрос арендного жилья без права выкупа и массового строительства такого жилья. Никаких бюджетных денег не хватит, чтобы решить этот вопрос. Значит, нужно привлекать инвестиции с рынка.

Думали ли вы о том, что еще дополнительно нужно сделать, какие меры стимулирования предложить рынку, чтобы отечественный или иностранный инвестор был заинтересован вкладывать средства в такого рода строительство? Тем более в регионах есть домостроительные комбинаты, которые полностью не загружены, работают в треть или половину своих возможностей, потому что нет заказов.

Есть что-то подобное, что обсуждается в Правительстве дополнительно?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Дарига Нурсултановна, данные проблемы обсуждаются, разные страны по-разному решают. Мы проводили аналитику. Если брать государственное финансирование строительства арендного жилья, то во многих странах оно незначительное. Там много арендного жилья, на строительство которого привлекаются частные инвестиции. Например, в Америке большое влияние в этой сфере имеют пенсионные фонды. Они выступают как инвесторы, строят жилье. Пополнение пенсионного фонда осуществляется не за счет рынка ценных бумаг, а за счет недвижимости и арендной платы от этой недвижимости.

Эти и другие механизмы мы сейчас рассматриваем. Для нас одним из главных факторов является система страхования, которая важна в строительной отрасли. Мы сейчас это рассматриваем, Дарига Нурсултановна.

ТӨРАҒА. Я надеюсь, что мы увидим интересные решения в ближайшей перспективе, потому что жилищная проблема на сегодняшний день номер один во всех регионах. К сожалению, строительство отстает по темпам, не отвечает спросу, который есть сегодня на рынке.

Тағы сұрақтарыңыз бар ма Шавхат Әнесұлына, құрметті депутаттар?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Шавхат Әнесұлы.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрайымы Бірғаным Сарықызы Әйтимоваға беріледі.

ӘЙТИМОВА Б.С. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Алдымен заң жобасының бастамашылары – Парламент депутаттары Айсина Майра Арапқызына, Базарбаев Асқар Ермырзаұлына, Бейсенбаев Асқар Асанұлына, Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына, Өтемісов Шавхат Әнесұлына, Сабильянов Нұртай Салихұлына және Сұлтанов Ерік Хамзаұлына көпбалалы аналар мен отбасыларды жалдамалы үймен қамтамасыз ету сияқты үлкен әлеуметтік мәселелердің бірқатарын шешуге арналған осы заң жобасын дайындағандары үшін зор алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі күні мемлекет аз қамтылған көпбалалы отбасыларды қолдауға ерекше көңіл бөледі. Мақсатты көмек көрсету критерийлері, әрбір туылған балаға төлем мөлшері, оның ішінде мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеуге жәрдемақының мөлшері көбеюде, жалдамалы пәтерлер салынууда, осы мақсаттарға бағытталған басқа да шаралар үнемі қабылдануда.

